



## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «БІЗДІҢ ҚОҒАМЫМЫЗДА ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҮСТЕМДІК ҚҰРУЫ ТИІС»

Мемлекет басшысы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Әділетті Қазақстанды құрудың негізгі алғышартын атады.

Мемлекет басшысының айтуынша, біз қиындықтарға мойымай, барлық мәселені біртіндеп, байыппен шешуіміз керек. Мұның бәрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазіргі бұлыңғыр замандағы еліміздің тағдырына да тікелей әсер етеді.

технологтар мен инженерлерді даярлау қажет екенін баса айтты.

Сондай-ақ Президент алдағы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялау қатардағы жұмысшылардың адал еңбегін дәріптеуге зор ықпал ететінін

нұға беру жоспарланған. Білім күні Астана қаласында 28 мың оқушыға арналған жаңа 15 мектеп ашылды. Оның 9-ы Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясындағы тапсырмасына сәйкес бой көтерген. Білім ұялары жаңа талаптарға сай жабдықталған және тың әдіс-тәсілдерді пайдаланады.

Мемлекет басшысының сөзінше, жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Ұлт саулығын сақтауда бұқаралық спорттың маңызы айрықша. «Шын мәнінде бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін беруі тиіс. Ал депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзінің жаңа Жолдауында адам құқықтары саласына ерекше көңіл бөлді. «Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз. Көптеген елде, тіпті кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, біз соңғы жылдары қауіпсіз қоғам құру жолында едәуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды. Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру» деді Мемлекет басшысы. Осыған орай құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.

Президент Ішкі істер министрлігіне ұсақ

бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті екенін тапсырды. «Құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоқ, қарақшылықты түп-тамырымен жою қажет. Түрлі экстремистердің, оның ішінде әсіре діншілдердің де елге ірікті салатын әрекеттеріне қатысты ұстаным дәл осындай болуға тиіс» деді Президент.

Сонымен қатар Жолдауда жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отырғаны да сөз болды. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам азамат зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар. Жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші күәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, әкімдер, Ішкі істер министрлігі батыл қадам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауы тиіс.

Президент бұл жолғы Жолдауында тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес екенін айтып, бұл іспен күресте батыл қадамдар жасау қажеттігін тапсырды.

– Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы стратегиялық мақсатымызға жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет. Бұл – қазіргі аса күрделі геосаяси ахуал кезінде өте жоғары кәсібилікті талап ететін дипломатияның міндеті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Жолдау барысында мемлекетіміздің дамуына қатысты өте мықты ұсыныстар және тетіктер айтылды. Біріншіден, елімізге «Банктер» туралы жаңа заңның қажеттілігі. Екіншіден, туристік кластерді дамыту үшін жақсы инфрақұрылым әзірлеу. Шын мәнінде, бұл айтылған мәселе өте орынды. Біздің азаматтар немесе сырттан келген қонақтар туристік аймаққа демалуға шыққан кезде жолдан шаршамай демалыстың не екенін сезінуі керек! Үшіншіден, болашақта техникалық мамандықтарға байланысты жас мамандарды даярлау. Болашақта осы дүние бойынша елімізде маман тапшылығын болдырмау үшін бізге қазірден бастап мықты

айтты. Бұл еңбек адамы үшін өте маңызды.

Президент көктемгі су тасқынынан сабақ алу қажеттігіне тоқталды. Ирригация жүйелері және жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысуды тапсырды. Президент су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында кеңінен қолдану қажет деп отыр.

Президент Жолдауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы туралы да айтылды. Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдер, сондай-ақ, депутаттардың да бұл шаруаға белсене атсалысуы тиіс екенін жеткізді. Жалпы 2025 жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектепті пайдала-



# АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

**Жамбыл облысы полиция департаментінде Конституция күніне арналған салтанатты жиын өтті.**

**Гүлсара МҰХТАРҚҰЛОВА,  
Жамбыл облысы ПД**

Облыстық ПД бастығының міндетін атқарушы Құрмет Мәжікенов жиналғандарды мемлекеттік мерекемен құттықтады.

– Осыдан 29 жыл бұрын жалпыхалықтық референдумда еліміздің Ата Заңы қабылданған болатын. Осы кезеңде ішкі істер органдары азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі болды. Біздің басты міндетіміз – еліміздің Ата Заңында жарияланған құндылықтарды қорғау. Полиция қызметкерлері заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге және еліміздің азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бар күш-жігерін салады, – деді ол.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күнін мерекелеуге орай министрліктің бұйрығымен қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізген, адал және мінсіз қызметі, жеке тәртібі үшін 67 полиция қызметкері төсбелгілермен, грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Сондай-ақ кейінгі буын полиция қызметкерлеріне жол көрсетіп, озық тәжірибесімен үлгі болған ардагерлерге де марапаттар табыс етілді.

Шара соңында облыстық полиция департаментінің жеке құрамы оркестр әуенімен сал-

танатты шеру жасап, қызметтік орындарына аттанды.

Полицейлер мерекені дәстүр бойынша облыс тұрғындары мен қонақтарының ты-

ныштығы мен қауіпсіздігін қорғай отырып, күшейтілген қызметтік нұсқада өткізді.



## ЖЕТІ КҮН



✓ Білім күні қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлығы 12 мыңнан астам полиция қызметкері мен 2,5 мыңнан астам қызметтік автокөлік жұмылдырылды. Оқушылар үшін арнайы сегіз мыңнан астам дәріс ұйымдастырылды. Онда қауіпсіздік шаралары мен жол жүрісі қағидаларын сақтаудың маңызы туралы айтылды. Сондай-ақ іс-шараларға 40 мыңнан астам оқушыны қамтитын қозғалыстың жас инспекторларының жа-сақтары қатысты.

✓ «Қарасора» жедел алдын алу іс-шарасы аясында есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің қызметкерлері Щучинск қаласы жеке үйдің ауласынан қарасора плантациясын анықтады. Ер адам жаз бойы күтіп, баптаған өсімдіктердің орташа биіктігі 2-3 метрге жеткен. Нәтижесінде полицейлер жалпы салмағы 235 келіні құраған 490-нан астам бұтаны жойды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр.

✓ Жаңа оқу жылының басында ІІМ Алматы академиясы Ішкі істер министрлігінің дербес құрылымдық бөліністері басшыларымен бірінші және екінші курс курсанттары үшін онлайн-кездесу ұйымдастырды.

✓ Жетісу облысы ПД-да сараптамаларды тағайындау және жүргізу мәселелері бойынша семинар өтті. Семинар Жетісу облысында полиция департаменті бастығының орынбасары Руслан Чарапиевтің төрағалығымен бейнеконференция форматында ұйымдастырылды. Іс-шараға Жетісу облысының сот сараптамалары зертханасының, прокуратура мен әскери-тергеу басқармасының өкілдері қатысты.

✓ Қостанай полицейлері шағын футболдан QAZAQSTAN QYZMET CUP турнирінде қола жүлдеге ие болды. Турнирге республиканың түкпір-түкпірінен жиналған 20 команда қатысты, олардың арасында Астана қаласы, Қостанай және Қызылорда облыстарына қарасты полиция департаментінің құрамалары, түрлі республикалық ведомстволардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің қызметкерлері, «ҚТЖ» ҰК АҚ, «Қазақтелеком» АҚ өкілдері және облыс пен қала әкімдіктерінің құрамалары болды.

✓ Ордабасы аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері жергілікті тұрғынның үйін тінту барысында марихуанаға ұқсас есірткі заты бар ыдыстарды тапты. Сараптама қорытындысына сәйкес алынған есірткінің жалпы салмағы 3,5 келіден асты. Қазіргі уақытта есірткіні заңсыз сақтау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, істің мән-жайы анықталуда. Күдікті қамауға алынды.

✓ Ақтөбе облысында сегіз тұрғынды сан соқтырған алаяқ қолға түсті. Полицияға облыс тұрғындары зейнетақы қорынан ақша алуға көмек көрсетуге уәде берген әйелге қатысты арызданды. Күдікті әйел белгілі бір сыйақыға зейнетақы қорынан ақша алып беруге уәде берген. Жәбірленушілер оған 250 мыңнан 350 мың теңгеге дейінгі сомда ақша аударған. Күдікті барлығы сегіз адамды алдаған. Алаяқтық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

✓ Түркістан облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, есірткі сататын сайттарды жарнамалайтын граффитилерді жою бойынша акция ұйымдастырды.

# ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ – ЕЛДІК ПАРЫЗ

**Түркістанда Ғазиз Байтасовқа арналған сынып пен кинозал ашылды.**

**Гүлнәр ӘБДІЖАПАРҚЫЗЫ,  
Түркістан облысы**

Облыстың бас полицейі Мұрат Қабденов №28 мектептің жас сақшыларымен арнайы кездесіп, сұхбаттасты. Негізгі мақсат – оқушылардың Отанына, еліне, жеріне деген патриоттық сезімдерін арттыру. Кездесу мектеп ішінен Халық Қаһарманы Ғ.Байтасовқа арналған сынып әрі кинозалдың ашылуы барысында ұйымдастырылды. Мұнда оқушылар алғашқы

әскери даярлық әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, полицейлер тарапынан ұсынылған фильмдер, профилактикалық шараларды көріп, ерлік әрекеттерді ұлықтайтын деректі фильмдерді тамашалайды.

– Бұл сыныпқа қызмет атқару барысында ерлікпен қаза тапқан Ғазиз Байтасов ағаларыңыздың есімі берілді. Сіздер осы полицей

ағаларыңыздай елге адал қызмет ететін үлкен азамат болып өсе беріңіздер! Елге еткен еңбек ешқашан ұмытылмайды, ескерусіз қалмайды, – деді өңірдің бас полицейі М.Қабденов.

Мектептің жас сақшылары жиналған сыныпта ПД бастығы М.Қабденов жасөспірімдермен пікір алмасып, құқықтық сауаттылығын дамыту бағытында, өмірлік тәжірибелерінен айта отырып, болашаққа жол сілтеді. Ал балалар полиция қызметіне қатысты түрлі сұрақтарын қойып, осы салаға деген қызығушылықтарын білдірді.

Кездесу соңында жас сақшыларға полиция департаментіне қарасты қызметтік автокөліктер таныстырылып, естелікке суретке түсу рәсімі өткізілді. Айта кетейік, бұл шара қызметтік борышын атқару кезінде ерлікпен қаза тапқан ІІО қызметкерлерін еске алу мақсатында министрліктің республика мектептерінде «Жас сақшы» полиция сыныптарын, сондай-ақ, марқұм болған қызметкерлердің есімдерін бере отырып, алғашқы әскери даярлық кабинеттерін ашу жоспары бойынша жүзеге асырылды.



# БАЛАЛАРДЫ БІЛІМ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Павлодар облысы полиция департаментінің бастығы қаладағы мектептердің біріне барып, балаларды Білім күнімен құттықтады.**

**Жанар КӨКЕШҚЫЗЫ,  
Павлодар облысы**

Полиция генерал-майоры Василий Скляр Павлодар қаласының №24 орта мектебінің оқушыларына арналған жолдағы қауіпсіз тәртіп пен оқушылардың жол жүру ережелерін сақтауы бойынша интерактивті сабаққа қатысты.

Салтанатты жиында сөйлеген Василий Скляр Білім күнінің әрбір қазақстандық үшін де, бүкіл ел үшін де маңызды мереке екенін айтты.

– Жаңа оқу жылы барлығына қызықты әрі жемісті болсын! Әрдайым білім биігінен көрініп, зейіндері ашылсын, – деп тіледі Василий Скляр.

Полиция генерал-майоры оқушыларға жол ережесін сақтау қажеттігін еске сала отырып, оқушыларға жол ережесі жазылған альбомды сыйға тартты. Сондай-ақ есірткі құралдары мен электронды темекілердің зияны туралы, зорлық-зомбылық пен қорқытуға қарсы заңнаманың жаңа талаптары туралы түсіндірді.

№24 мектепте 2019 жылы кадет сыныбы ашылды. Онда 7-сынып оқушылары аптасына бір рет Заңтану және факультативтік сабақтарымен айналысады. Мұнда тәжірибелі тәртіп сақшылары оқушыларға құқық қорғау, заңнама және құқықтану пәндері бойынша сабақ өткізеді. Сондай-ақ, курсанттар өз мектептерінің аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысып, құрдастарына жол жүру ережелерін түсіндіреді.

Тәртіп сақшылары бұл оқу бағдарламасының мектептің негізгі базасының оқу процесіне кедергі келтірмейтінін айтты. Өйткені олар аптасына бір рет оқиды. Бұл аймақтың білім басқармасымен келісілді.

Мерекелік жиыннан кейін полиция ведомствосының басшысына кабинеттер, мұражай көрсетіліп, оқушылар қонаққа өз қолдарымен

жасаған қолөнер бұйымдарын табыс етті. Қонақтарға полицияның қызметтік автокөлігі көрсетілді.

Іс-шара соңында Василий Скляр бірінші сынып оқушыларымен және педагогикалық құраммен естелік үшін суретке түсті.



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

## АРНАЙЫ СЫНЫП АШЫЛДЫ

Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласы №9 орта мектебінде ҚР ІІМ-нің нұсқауына сәйкес қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан полиция сержанты Шалқар Көшкінбайұлы Ақымғалиев атына кадет сыныбы ашылды.

Отан қорғау ісінде ерлік пен батырлықты үлгі тұтып, намыс туын әрдайым жоғары ұстау міндетіміз. Осы бағытта Атырау қаласындағы бейбіт күннің батыры Шалқар Ақымғалиев түлеп ұшқан білім ордасы Береке орта мектебінде қызмет бабында қайтыс болған полиция есіміне «Ка-

дет сыныбы» ашылды. Мейірім ЕРДӘУЛЕТ, Атырау облысы болуға салтанатты түрде ант берді. Сыныптың ашылу рәсіміне полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Нұрхат Оразбаев, Шалқар Ақымғалиевтің анасы

Мейірім ЕРДӘУЛЕТ,  
Атырау облысы



дет сыныбы» ашылды. Іс-шарада тәртіп сақшылары батыр полициядің өмірі, қызмет еткен жылдары, ерлігі туралы айтып берді. Батыр полицияның өмір жолына қаныққан тәрбиеленушілер таңдалған жолдың маңыздылығы мен жауапкершілігін сезініп, отаншылдықтың үлгісі

Ләззат Мұқанова мен інісі Мейіржан Көшкінбайұлы қатысты. Қазіргі таңда Атырау облысында ержүрек полиция Шалқардың атына өзі оқыған мектептен бөлек Индер, Жылыой және Махамбет аудандарында кадет сыныптары ашылған.

## Бейбітшілік акциясы өтті

Абай облысында №19 қауіпсіздігі аралас мекеме қызметкерлері Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне арналған «Бейбітшілік акциясына» қатысты.

Жыл сайын 29 тамызда бүкіл әлем Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күнін атап өтеді. Дәл осы күні осыдан 33 жыл бұрын Семей ядролық полигонын жабу туралы маңызды шешім қабылданды. Бұл күн – жарылыстарды басынан өткізген Семей өңірі тұрғындары үшін ерекше күн.

Бұл акция биыл да жалғасын тауып, мекеме қызметкерлері «Бейбітшілік» аралындағы «Өлімнен де күшті» монументіне гүл шоқтарын қойып, ядролық полигонның құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Жанар СМАҒҰЛОВА,  
Абай облысы бойынша ҚАЖД

– Бүгін біздің қалада Семей полигонынның жабылғанына 33 жыл толған күні атап өтілді. Бұл – жаппай қырып-жоятын қарудың әлемдегі төртінші үлкен арсеналы бар полигон. Жарылыстардың салдарынан облысымыздың тұрғындары мен көптеген тірі организмдер зардап шекті. Менің ойымша, қызметкерлердің мұндай шараға қатысуы олардың патриоттық сезімін арттырады, – дейді мекеме бастығының орынбасары Айдын Қалелов.



## БАП ҚАТАЙСА ДА, БАРЫМТАШЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

Мал ұрлығы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырғаны баршамызға мәлім. Ауыл тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі төрт түлік болғандықтан, қорасындағы малдың ұрлануы олардың тұрмыс-тіршілігі үшін қиынға соғары хақ.

Раушан НАРБЕК

Бүгінгі таңда Түркістан облысы аумағында мал ұрлығы қылмыстарының алдын алу және оны болдырмау мақсатында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалуда. Дегенмен өзгенің төрт түлігіне көз салған әккі ұрылардың келеңсіз ісі тыйылар емес.

Түркістан облысы тұрғындарының 70-80 пайызы мал шаруашылығымен айналысады. Мал шаруашылығын күнкөріс көзіне айналдырған облыс тұрғындарының дегбірін әккі ұрылар мен жолда жүрген төрт түлігін қағып кететін жүргізушілер қашырып отыр. Олар мал ұрлығын кәсіпке айналдырып алғандай. Оны көбіне топ болып алдын ала сөз байласып, қора-жайды бұзып кіру арқылы жасайды.

Мұндай ұрлықты ұйымдастырушылар – мал ұрлығымен айналысатын адамдар, төрт түлікке жалған құжат жасайтындар, ұрланған малды тасымалдаушылар, қасапшылар және қара базарда қаптап жүрген алыпсатарлар. Осындай топтың озбыр әрекеттері малмен жан бағып отырған халықтың наразылығын туғызуда.

Қараусыз, бақылаусыз жүрген төрт түлік жол-көлік оқиғаларына да себепші болады. Жүгенсіз жүрген малдарды қамауға, олардың иелерін анықтау мен құжаттарын түгелдеу мақсатында облыс бойынша 88 оқшаулау қора белгіленген. Бұл орындарға жыл басынан бері 3500-ге жуық мал қамалған. Бұл жағдай жоғарыда көрсетілген қараусыз жүрген үй жануарларымен болуы мүмкін жол апаттарына едәуір тосқауыл болды.

Түркістан облысы полиция департаменті мен жергілікті атқарушы органдар осындай оқшаулау орындарын көбейту бағытында жұмыстар жүргізуде. Бұл өз кезегінде меншікті тексеруге, мал ұрлығының алдын алуға, есепке алынбаған малға ветеринариялық талдау жүргізуге және үй жануарларының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алуға септігін тигізуде.

Сонымен қатар облыстағы ұчаскелік инспекторлар ауыл тұрғындарымен кездесулер өткізіп, ауыл көшелерін сапалы бейнебақылау жүйелерімен жабдықтауды, үй жануарларына электронды «GPS» чиптерін енгізуді және жарықтан-дырғыш ленталар тағу туралы түсіндірме жұмыстарын да жүргізуде. Жыл басынан бері ұчаскелік полиция инспекторларымен 1627 рет халықпен кездесу өткізіліп, қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кейде мал ұрлығын жасаған қылмыскерлер ұсталғанымен, жәбірленушінің күнкөріс көзіне айналған төрт түлігі дін аман қайтарылмай да қалады. Себебі, кейбір қылмыскерлер оңай олжаны тірідей сатып жіберсе, енді бірі оны етке өткізіп жібереді. Осының салдарынан кейбір тұрғындар жоғалған малдарын қайтара алмай, қапыда қалып жатады. Ауыл тұрғындары малы жоғалған кезде өздері іздеп, көп уақытты өткізіп алады. Әбден амалы таусылғанда ғана шарасыздықтан, полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгінеді. Осы уақыт аралығында барымташылар оңай олжаны сатып, ақшасын өзінің пайдасына жұмсап та үлгереді.

Осындай жайттардың алдын алу мақсатында Түркістан облысында 2021 жылдан бері ұшжақты келісімшарт жасалып, қолданысқа еніп отыр. Яғни мал иесі, бақташы және әкімдік өкілдері арасында келісімшарт жасалып, малдарын қараусыз қалдырмау үшін тиісті шаралар қабылдануда.

нәтижесінде мал ұрлығымен айналысқан 11 қылмыстық топ құрықталды. Биыл тамыз айының өзінде үш қылмыстық топ құрықталып, олардың 15-інің мал ұрлығына қатысты екені анықталды. Қазіргі уақытта тиісті тергеу шаралары жүргізілуде. Үй жануарларының қатысуымен болатын жол апаттарының алдын алу және оны болдырмау бағытындағы шаралар облыс полицияларының назарынан тыс қалған емес. Осындай келеңсіз жағдайларға тосқауыл қою мақсатында Түркістан облысы ПД Патрульдік полиция батальонының қызметкерлері республикалық маңызы бар жолдарда жайылып жүрген және жолдың қақ ортасына шығып кеткен малдарды айдап, жол жиегін тазартып отырады. Үй жануарларының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары мен мал ұрлығының алдын алу мақсатында қараусыз жүрген малдарды арнайы оқшаулау орындарына қамау жұмыстары да бақылауға алынған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Түркістан облысы ҚАЖ департаментіне қарасты Сауран аудандық Пробақция қызметі бөлімі бастығының міндетін атқар-

Алайда ескертулерге қарамастан, қараусыз жүрген малдардың саны көп. Оған дәлел – мал иелерінің сақтық шараларын толық қамтамасыз етпеуі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 408-бабымен мал жаю қағидаларын бұзу бойынша 5000-ға жуық шара атқарылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде мал ұрлаған 27 қылмыстық топ ұсталып, құрықталды. Ұрланған 1470 малдың 610-ы иесіне қайтарылды.

Жуырда мал ұрлығына қатысы бар екі тұрғын ұсталды. Мақтаарал ауданының екі тұрғыны көршілес Жетісай ауданында орналасқан жайылымнан жылқы ұрлаған. Жедел үкілдер олардың тұрғылықты жерін тінту кезінде ұрланған жылқыны тәркілеп, малды заңды иесіне қайтарды. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында Түркістан облысы ПД Криминалдық полиция басқармасы қызметкерлері тексеру жұмысын жүргізген кезде күдіктілердің бұдан басқа жалпы сомасы 1 млн. теңгеден асатын мал ұрлығының екі дерегіне қатысы бар екені анықталды. Осыған ұқсас қылмыс Сарыағаш ауылында да орын алған. Полиция қызметкерлері іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында біреуі сатып алушы болып табылатын үш күдіктіні ұстады. Барлығы Сарыағаш ауданының тұрғындары болып шықты. Олар мал ұрлығының үш дерегіне қатысы бар екені анықталды. Жәбірленушілерге жалпы келтірілген шығын көлемі 1,5 миллион теңгеден асады. Бұл әккі ұрылар биыл жазда оңай пайда табу мақсатында жергілікті тұрғынның ауласына кіріп, қорадағы жылқысын ұрлап кеткен.

рушы, әділет капитаны Абылай Тілеулев:

– Елімізде мал ұрлығының алдын алу мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Арқаны кеңге салған кейбір тұрғындар ірі қарасын қараусыз жайылымға жіберіп, ол өз кезегінде малдың кедергісіз ұрлануына жағдай туғызады. Сауран аудандық Пробақция қызметінде де мал ұрлығына қатысы бар бас бостандығынан айыру жазасына тартылған азаматтар есепте тұрады. Олар өздерінің кінәларын толық мойындап, қылмысқа жұмыссыздықтан барғандарын алға тартып отыр.

Бақдәулет – Түркістан облысы Жетісай ауданының тұрғыны:

– Мен байталымды жоғалтып, оны алғашқы кезде өзім іздедім. Жайылып жүрген жылқыым ада-сып кеткен болар деген ой келді алғашында. Екі күн бойы аяғымнан тозып іздедім, бірақ одан ешқандай нәтиже шықпады. Содан кейін аудандық ұчаскелік полицияға хабарладым. Олар бірден жылқымды іздеуге кірісті. Өздерінің жедел әрекетінің арқасында жылқымды тапты. Барша полиция қызметкерлеріне алғысымды білдіремін.

# СЕГІЗ ЖАСТАҒЫ ЖОЛ САҚШЫСЫ

**Елімізде жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісінде Отбасы күні ата-лып өтеді. Осы орайда біз қарағандылық тәртіп сақшысы Нұрғазы Діқанбаевтың талантты ұлын оқырман қауымға таныстырмақпыз.**

Гайһарай ЕСІМОВА

Сегіз жастағы Нұрасыл Төлегенов барлық жол ережелерін жатқа біледі. Ол ерекше қабілетімен үш жасынан бері көзге түскен. Содан бері оны қонақ ет-

Дарынды баланың жетістігін ҚР Ішкі істер министрлігі де ескерусіз қалдырмаған. Ол министрмен кездесуге арнайы шақырту алып, дипломмен марапатталған.

Ерекше қабілетімен ол әлеуметтік желіде де кеңінен танымал. Нұрасылдың жеке парақшасындағы оқырмандары оның талантына таңдай қағып, үнемі қолдау көрсетіп отырады. Бұл кері байланыс оның қабілетін шыңдап, өнерінің өріс алуына шабыт сыйлайды. Сонымен бірге Нұрасылдың әлеуметтік желідегі достары білмейтін де қырлары бар. Мәселен, ол мұсылманға бес парыздың бірі болған намаз оқуды, Құран сүрелерін, Алланың 99 есімін жатқа біледі.

Нұрасылдың әкесі Нұрғазы Төлегенұлы – Қарағандыдағы Жол-патрульдік полиция инспекторы. Анасы



кен түрлі телевизиялық бағдарлама жүргізушілері жол ережелері бойынша сұрақтар қойып, сынап та көрген. Алайда оның ешбірінен сүрінбеген. Нұрасылдың бұл қызығушылығы әкесінің сөмкесінде жүрген жол жүру қағидалары кітабын оқудан басталған. Алғаш рет осы таланты бойынша бейнероликке түскенде өзін жол сақшысы ретінде таныстырып, көліктерді тоқтатқан сәті оны ерекше әсерге бөлеген. Ол болашақта полицей болуды армандайды. Әкесін үлгі тұтатын Нұрасылдың бұл дарыны күнделікті тұрмыста да көрініс тапқан. Атап айтсақ, мультфильмдердегі кейіпкерлердің сөзін жаттап, қаз-қалпында жеткізеді. Сонымен қатар ұялы телефондағы суреттердің қай күні, қай жерде түсірілгенін де қарамай, айтып бере алады. Ерекше зейінінің арқасында тақпақ, өлеңдерді жылдам жаттайды. Мектепке барғалы қосымша араб әліпбиін де жаттап жүр. Алдағы мақсаты – ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жаттау.

Ақмарал Ғабдуллина – мемлекеттік қызметте. Біздің кішкентай кейіпкеріміз – үйінің тұңғышы, соңынан ерген інісі мен қарындасы бар.

Нұрасылдың арманы асқақ. Болашақта білгенімен бөлісіп, жас достарына жол белгілерін үйрететін автоқалашық ашықы келеді. Ол бұл арманына жетуіне қол созым ғана сәт қалғанын айтты. Сонымен бірге бар баланың сүйікті бағдарламасына айналған «Лучше всех» телевизиялық шоуына қатысқысы келеді.

Биік белестерді мақсат еткен кішкентай бүлдіршіннің жолы ашық болсын демекпіз. Баланың талантын тұншықтырмай, оған қолдау білдірген ата-анасы да үлгі болуға тұрарлық.

# ТІЛІ МЕН ТІЛЕГІ ҮНДЕСКЕН ЕВГЕНИЯ

**Ішкі істер министрлігінің М.Есболатов атындағы Алматы академиясында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп жүрген өзге ұлт өкілдері баршылық. Солардың бірі – әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция полковнигі Евгения Владимировна Шоқанова.**

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ, Алматы академиясы

Ол орта мектепті орыс тілінде бітірсе де, қазақи ортада өсті. Алматы облысының Талдықорған қаласында дүниеге келген ол бала кезінен қазақтармен етене араласып жүріп бойжетті. Ішкі істер министрлігінің академиясында оқып жүргенде де қазақ тілін тек түсініп қана қоймай, барынша таза сөйлеуге барын салатын. Оның өзі өскен ортасына деген құрметі қазақ тіліне деген құштарлығынан білінетін.

Евгения Владимировна академияны бакалавриат бағдарламасы бойынша бітірген соң ішкі істер органындағы еңбек жолын Алматы облысы Райымбек аудандық ішкі істер бөлімінде Тәрбие және кадр тобының инспекторы болып бастады. Жергілікті тұрғындар жүзі басқа болғанымен, жүрегі қазақтарға бұрып тұратын орыс қызын жылы қабылдады. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Райымбек ауданында аз уақыт қызмет атқарса да, Евгения барлық іс қағаздары мемлекеттік тілде жүретін аудандық бөлімде тілді меңгеруді тереңдеті түсті десе де болады.



2005-2007 жылдары Алматы облысының Көксу аудандық полиция бөлімінде жедел-криминалистикалық бөлімінің криминалисі болып қызмет атқарғанда да Евгения Владимировнаның қазақ тілін білуі сол ортаға тез сіңіп,

әріптестерімен ортақ тіл табысуына септігін тигізді.

Евгения мен Айдос шаңырақ көтергенде олардың арасындағы сүйіспеншілікке куә әріптестері қуанды. Айдос Әділғазыұлы Шоқанов та – ішкі істер органында жедел уәкіл, тергеуші болған білікті маман. Бүгінде олар бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

Ұлты орыс болса да, тілі мен тілегін бір арнаға тоғыстырған Евгения Алматы академиясындағы іс қағаздарының мемлекеттік тілде сауатты жазылуына барынша атсалысады.

Полиция полковнигі, доцент, адал жар, аяулы ана Евгения Владимировна Шоқанова түрлі басылымдарда жарияланған 25 ғылыми мақаланың авторы, оның ішінде «Жедел-іздістіру қызметі (ерекше бөлік)» атты еңбегі мемлекеттік тілде жарияланған. Оның қызметтегі еңбекқорлығы мен жауаптылығымен қатар, мемлекеттік тілге деген құштарлығы мен қамқорлығы басқа әріптестеріне де үлгі-өнеге.

# МЕКТЕПКЕ ЖОЛ – МЕРЕЙЛІ ШАРА



Қызылорда облысы ПД

Қызылорда қалалық полиция басқармасының қызметкерлері «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізді. Акцияның басты мақсаты – жаңа оқу жылы қарсаңында тұрмыс жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету.

Бала қуанышы – шаттыққа толы сәт. Аталмыш акция барысында Қызылорда қаласы полиция басқармасы қызметкерлері 39 жанұяға көмектесіп, балаларды қуантып қайтты. Балаларға мектепке қажетті оқу құралдарын алып берді.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

Ұлттық ұлан

Солтүстік Қазақстан облысы ҚР ІІМ Ұлттық ұлан академиясында жыл сайын «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу дәстүрге айналған. Игі шара осы жылы да жалғасын тапты. Академияның Әйелдер кеңесі атынан бірінші сыныпқа баратын 33 әскери қызметшінің балаларына көмек көрсетілді. Академия бастығы Артур Тоқышев бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына кеңсе тауарлары мен басқа да керек-жарақтарын табыс етті.

– Акцияның мақсаты – жаңа оқу жылында бірінші сыныпқа баратын әскери қызметшілердің балаларына көмек көрсету. Барлық оқушыларға толыққанды білім алу үшін жан-жақты жағдай жасалуы тиіс, – дейді академия бастығы.

Ерболат СҰЛТАНОВ

БҚО бойынша ҚАЖД

Батыс Қазақстан облысы №1 Бәйтерек аудандық Пробация қызметінің қызметкерлері есепте тұрған жазасын өтеушілердің балаларына «Мектепке – жол» акциясы аясында көмек көрсетті. Есепте тұрған алты азаматтың отбасындағы мектеп жасындағы балаларға қажетті сөмке, спорттық киімдер, оқу жабдықтары сыйға тартылды.

– Балалардың жүзіндегі күлкі мен көңілдеріндегі қуаныш қайырымдылық акциясына қатысқан Пробация есебінде тұрған сотталғандарға да жақсы көңіл-күй сыйлады. Жалпы, мұндай қайырымдылық іс-шараларына есепте тұрған сотталғандарды қатыстыру олардың ізгі жолға түсуіне көп көмегін тигізеді, – дейді Пробация қызметінің қызметкерлері.

Жадыра ИБРАЕВА



Абай облысы бойынша ҚАЖД

Жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясынан Абай облысы бойынша ҚАЖД қызметкерлері шет қалмады. Биыл департамент пен мекеме қызметкерлері бірнеше отбасына бас сұғып, балаларды түрлі базарлықпен қуантып қайтты. Қызметкерлер бұл акцияға бірнеше күн дайындалды. Мектеп формасы, аяқ киім, сөмке, кеңсе тауарлары, ойыншықтар мен жемістер де алынды. «Мектепке жол» акциясы бүкіл ел бойынша 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін өткізіледі.

– Балалардың көзіндегі қуанышты көріп, бір марқайып қалдық. Бірі киімді, бірі түрлі-түсті сөмкені құшағына қысып, қайта-қайта алғыстарын айтқанда бала қуанышынан қымбат ешнәрсенің жоқ екенін сезіндік. Балаларға аз да болса сыйлық жасап қуантып отыруды ҚАЖ қызметкерлері дәстүрге айналдырған. Осымен тоқтап қалмаймыз. Алдағы уақытта да балаларға қатысты барлық акцияға атсалысатын боламыз, – деді Абай облысы бойынша ҚАЖД Тәрбие және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы Мәріп Қапашева.

Өткізілген акциялардың нәтижесінде 30-ға жуық баланың көңіл-күйі көтеріліп қалды, ал көп балалы аналар өз кезегінде Абай облысы бойынша ҚАЖД мекемелерінің ұжымдарына алғыстарын білдірді.

Жанар ТҰРЫҚПАЕВА







